

Ғ. Тамендаров



**Туған елдің
құшағы**

Ғалымжан Тамендаров

Туған елдің құшағы

2 - бөлім

2 - басылым

Алматы-2012

Редакторлар – Сұлтан Қалиұлы, Рэвил Гөзәиров.

Тамендаров Ғалымжан Герейұлы
“ТУҒАН ЕЛДІҢ КҰШАҒЫ”

В этой книге собраны произведения признанного композитора, проживающего в городе Алматы Республики Казахстан – Галимжана Тамендарова: песни, созданные на слова поэта Музафара Алимбаева, Рауиля Гузаирова, Грифа Хайруллина для детей и взрослых, а также других известных казахских поэтов.

На обложке Сарсенбаева Дана – солистка ансамбля «Буллбул», лауреат международного конкурса «Иртыш моннары» г.Семипалатинск диплом первой степени.



Аранжировка Колесниковой Ирины Евгеньевны.



Слова написаны на мелодию.



Тамендаров Галимжан Геряевич
14.06.1947г.

Более 50-летним педагогическим стажем и 30-летней композиторской деятельностью. За эти годы он воспитал более 60000 учащихся, многие из которых в дальнейшем стали знаменитыми артистами, музыкантами, кинорежиссерами, врачами, строителями, аграрниками, финансистами, бизнесменами и парламентариями. Всех их объединила «Песня». Автор более 300 песен и инструментальной музыки. Серебряный призер фестиваля всемирной универсиады 1973 года, Москва. Лауреат международных конкурсов и фестивалей. Отличник просвещения КазССР. Заслуженный работник образования Республики Казахстан, заслуженный работник культуры Республики Татарстан. Награжден медалью Президентом Российской Федерации в честь 1000-летия г.Казани и медалью ветерана труда. Член союза композитора Республики Казахстан.



ТУҒАН ЕЛДІҢ ҚҰШАҒЫ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Ақырын

А - ты - рау - дан Ал - тай - га ұ - шақ ұ - зақ

ұ - ша - ды. Қан - дай ыс - тық әр жай - да

ту - ган ел - дің құ - ша - ғы. //құ - ша - ғы.

Атыраудан Алтайға
Ұшақ ұзақ ұшады.
Қандай ыстық әр жайда
Туған елдің құшағы.

Жолым түссе Еділге,
Ертісімді сағынам.
Қайталанбас өмірде
Қазағыма табынам.

МҰЗ ТОН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

Ойнақы

Мұз - ө - зен - нің көк то - ны, көк-тем ке - ліп
сөк-т(i)о-ны. //көк-тем ке - ліп сөк-т(i)о-ны.

Мұз – өзеннің көк тоны,
Көктем келіп сөкті оны.

АУЫЛ МАҢЫНДА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

Ойнақы *mf*

А-уыл ма-ңы саз, саз, саз... Жа-йы-ла-ды қаз, қаз, қаз...
Жем-шөп шаш-саң, мәз, мәз, мәз. Той-май қал-са қаз, қаз, қаз,
шаш-қан дә-нің аз, аз, аз, аз, аз, аз! //аз!

Ауыл маңы саз, саз, саз...
Жайылады қаз, қаз, қаз...
Жем-шөп шашсаң, мәз, мәз, мәз.
Тоймай қалса қаз, қаз, қаз,
Шашқан дәнің аз, аз, аз!

ҚЫСҚА ЖЫРЛАР

(Қазақ частушкалары)

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Vivo



*Ду-ман-дат-қан, тұ-ман-дат-қан жо-лық түс-се
Үш қа - рап өт ту-ған жақ-қа, ше - ка - ра-дан*



Қайырмасы:

шет ел-ге //ө - тер-де. Әй, сол, о-ңай сол, қо-сыл ме-нің



ә - ні-ме. Әй, сол, со-лай сол, ән-сіз той-дың мә-ні не.

Думандатқан, тұмандатқан
Жолың түссе шет елге,
Үш қарап өт туған жаққа,
Шекарадан өтерде.

Қайырмасы:
Әй, сол, оңай сол,
Қосыл менің әніме.
Әй, сол, солай сол,
Әнсіз тойдың мәні не.

Кездесеміз тағы қашан
Көк жайлауда, белесте.
Хат жазбасаң – сағынбасаң,
Ұмытқаның емес пе!

Қайырмасы.

Бір сұлуға қырық жігіт
Фашық болды бірге ойнап...
Өкініп тұр дымы құрып
Отыз тоғыз сүр бойдақ.

Қайырмасы.

Жан жарың ғой таңдап алған –
Бүкіл өмір жолыңда.
Бал аштырып байға барған
Байсыз қалар соңында.

Қайырмасы.

Саған қарап ұштым күнде,
Іңкәрімді көз көрер.
Сөйлесейік құс тілінде,
Ұқпай қалсын өзгелер.

Қайырмасы.

Жар сағынтар, бірақ, бірақ
Мендей ешкім сағынбас.

Мауқым басар жылап, жылап,
Көз таса жер табылмас.

Қайырмасы.

Фашықтардың үміті бір:
Созарсың ба қол ұшын.
Сіздің елдің ері түгіл
Желі жақын мен үшін.

Қайырмасы.

Адал жолды талғап, таңда
Ардан айнып бұрылмас.
Жерге тозақ орнатқанға
Көкте жұмақ бұйырмас.

Қайырмасы.

Жүрегінің айнасы ма
Сәлем хатын пәк түзген –
Қу нәпсінің айласы ма
Ойнау үшін жат қызбен?

Қайырмасы.

Өзің сынап байқар едің
«Жан сәулешім кімдей» – деп.
«Хат жазысу – айтар едің –
Жолыққанмен бірдей» деп.

Қайырмасы.

Дұшпандардың жаласынан
Сенбей жүрсең сөзіме,
Кірпігіңнің арасынан
Нұр боп кірем көзіңе.

Қайырмасы.

Таңдап қыздың бірін құш,
Көрсе қызар айып дүр.
Жігіт болсаң құбылғыш,
Пожалуйста, тайып тұр.

Қайырмасы.

Көктем туды арайлы,
Көк тал жарды бүршігін.
Көз отыңа қараймын,
Балқығанша кірпігім.

Қайырмасы.

Бір сұлу бар кеңседе,
Кім ғашық боп көреді?
Өзі отызға келсе де,
Шашын біреу өреді.

Қайырмасы.

Шын сүймесең, телміртпе,
Менен хаттар сен күтпе.
Аңқау қызды алдау да
Ер жігітке ерлік пе?!

Қ а й ы р м а с ы .

Ғашықтардың басы да,
Біз емеспіз соңы да.
Қайдан келдің қасыма,
Бағыма, әлде сорыма.

Қ а й ы р м а с ы .

Тұншықтырған батырмай
Қансыз теңіз – жан қайғы.
Былтыр жазған хатыңдай,
Ақша жүзім сарғайды.

Қ а й ы р м а с ы .

Сағынышта сабыр жоқ,
Сағынбаста қадір жоқ.
Сүйдіріп те күйдірет
Махаббатым – жалынды от.

Қ а й ы р м а с ы .

Сергек жүрек сезсе егер,
Сағынышым теңіздей.
Сіздің жақтан ессе жел,

Есе ме екен мені іздей.

Қайырмасы.

Өзің жазған үздігіп,
Ләм демедім үш хатқа.
Қарамаймыз қызығып
Сен сияқты пустякқа.

Қайырмасы.

Көлге сұлу шомылса,
Сұқтанады қамыс та.
Солай десем, жауырша
Қиқандайды таныстар.

Қайырмасы.

Таңым жарық атпайды,
Ет жүрегім езілмей.
Хат жазасың... хаттарың
Қайдан болсын өзіңдей.

Қайырмасы.

Жаспен бетім жудым мен,
Жетім сорға ұқсатпа.
Бір сен үшін тудым мен,
Құшырлана құшақта.

Қайырмасы.

Тәкаппарсың дейсің бе,
Мені өзіңше кім дейсің...
«Еркем, еркем!» дейсің де,
Еркелете білмейсің.

Қайырмасы.

Сұлулардың жолыққан
Күнде бірін «сүйеді» ол.
Сезбей қалып торықпа,
Өз басыңа ие бол!

Қайырмасы.

Басыма іс түскенде,
Көрдім достың қандайын.
Тап-таза бал ішсем де,
Өт татиды таңдайым.

Қайырмасы.

Сыланасың, жарқыным,
Айна алдынан шықпайсың.
Жан сұлулық артығын
Қалай ғана ұқпайсың?!

Қайырмасы.

БІЗ ЕРТЕҢНІҢ ИЕСІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato

Да-ла-лар мен қа-ла-лар, біз-ге бә-рі ти-е-сі.
Жер-дү-ни-е-ні жа-ңа-лар біз ер-тең-нің

Қайырмасы:

//и - е - сі. Дәу-лет - ті де, көр - кем де

біз и - е - міз ер - тең - ге! //ер - тең - ге!

Далалар мен қалалар –
Бізге бәрі тиесі.
Жер-дүниені жаңалар
Біз – ертеңнің иесі.

Қайырмасы:
Дәулетті де, көркем де
Біз иеміз ертеңге!

Артық не бар жастықтан
Олжа күтпес оңайдан?!
Біз өсірген астықтан
Жейсіз әлі талай нан.

Қайырмасы.

ТӨРТ БЕСІК

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato

mf

Көк ас-пан - күн - нің бе - сі - гі, қа - ра жер - гүл - дің
бе - сі - гі. Е - гін жай - дән - нің
бе - сі - гі, ту - ған ел - ұл - дың бе - сі - гі.

Көк аспан – күннің бесігі,
Қара жер – гүлдің бесігі.
Егін жай – дәннің бесігі,
Туған ел – ұлдың бесігі.

БӨРІБАСАР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ойнақы

mf

Кү - шік кел - се, қо - қаң - дар Бө - рі - ба - сар,
Бө - рі көр - се, бүк - шең - деп ке - рі қа - шар.

Күшік келсе, қоқаңдар Бөрібасар,
Бөрі көрсе, бүкшеңдеп кері қашар.

ҚАЙСЫСЫ ҚАЙДА?

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato

Бұл-бұл - бау - да, ұ - лар - тау - да, ақ - қу - көл - де,
Қайырмасы:
жы - лан - шөл - де. Мұ - ны жат - та,
ес - те сақ - та, мұ - ны жат - та, ес - те сақ - та.

Бұлбұл – бауда,
Ұлар – тауда,
Аққу – көлде,
Жылан – шөлде.

Құндыз – суда,
Бұлан – нуда,
Қыран – көкте,
Шіркей – шөпте.

Қоян – жымда,
Құлан – қырда.
Арқар – өрде,
Адам – төрде.

Қайырмасы:
Мұны жатта,
Есте сақта.

НАУРЫЗ ӨНІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ойнақы



Наурыз-Жа-ңа жыл кел-ді, тау мен да-ла түр-лен-ді.



Се-ру-ен-деп да-ла-да, тер-дік ә-сем гүл-дер-ді.



Ля, ля, ля, ля, ля, ля, ля, се-ру-ен-деп да-ла-да,



ля, ля, ля, ля, ля, ля, ля, тер-дік ә-сем гүл-дер-ді.


Наурыз – Жаңа жыл келді,
Тау мен дала түрленді.
Серуендеп далада,
Тердік әсем гүлдерді.

Жылдағыдай көктемнің
Жауқазыны – жаңа гүл.
Нұрын төгіп көктен күн,
Келді Наурыз – Жаңа жыл.

Наурыз – Жаңа жыл басы,
Мейрамдаймыз, жырлаймыз.
Би билейміз дуласып,
Қосылып ән шырқаймыз.

ЖАС ТҮЛЕКТЕР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



mf
Қа-за-қ(ы)с-тан - а - на-мыз, а - я - ла-ған а - ла-қан.
Ас-пан-шал-қар а - я-мыз, біз-Бал-дыр-ған ба-ла-пан.
Қайырмасы:
Ту-ған жер-дің тө-рін-де ой-най-ой-най ө - се-міз.
Ой жі-бе-ріп ө-мір-ге, тол-ғай, тол-ғай ө - се-міз.

Қазақстан – анамыз,
Аялаған алақан.
Аспан – шалқар аямыз,
Біз – Балдырған балапан.
Қайырмасы:
Туған жердің төрінде
Ойнай-ойнай өсеміз.
Ой жіберіп өмірге,
Толғай-толғай өсеміз.

Сергек, жайсаң, шадыман
Батыр болу – бас тілек.
Жарылады ағынан
Жан достар мен жас түлек.

Қайырмасы.

Балдырғандар талабы
 Міне, жаңа басталды.
 Қуана қош алалық
 Жаңа биді, жақсы әнді.

Қайырмасы.

КӨБЕЛЕК



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

Асықпай, ойнақы



Қы - зыл - жа - сыл ке - ре - мет, Гүл - ден гүл - ге



а - уы - са, тұм - сық қа - дап жа - бы - са,



шы - рын со - rar кө - бе - лек. Кө - бе - лек, кө - бе - лек,



шы - рын со - rar кө - бе - лек. //кө - бе - лек.

Қызыл-жасыл керемет,
 Гүлден гүлге ауыса,
 Тұмсық қадап жабыса,
 Шырын сорар көбелек.

Қайырмасы:
Көбелек, көбелек,
Шырын сорар көбелек.

Жаңбыр жауса себелеп,
Жапырақты сағалап,
Гүлдің астын паналап,
Жан сауғалар көбелек.

Қайырмасы.

БАЛ АРА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro
mf

Қап-тай ұшқан бал а - ра ти - іс - пе - сең, шақ - пай - ды.

Қо - раш - сы - нып қа - ра - ма, ең - бе - гің - ді ақ - тай - ды.

f Қайырмасы:

Гүл е - ге - міз да - ла - га, гүл - ге қон - сын

бал а - ра. // гүл - ге қон - сын бал а - ра.

Қаптай ұшқан бал ара
Тиіспесең, шақпайды.
Қорашсынып қарама,
Еңбегіңді ақтайды.

Қайырмасы:
Гүл егеміз далаға,
Гүлге қонсын бал ара.

Дала шарлап үйренген
Қаптай ұшқан бал ара.
Шырын жинап гүлдерден
Бал сыйлайды балаға.
Қайырмасы.

ТҮРГЕН ӨЗЕНІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

Асықпай, көңілді



mf
А - ла - тау - дың ба - сы - нан құ - лай шал - қып та - сы - ган
А - ғын - д(ы)ө - зен Түр - ген - нің су - ын іш - тім



f Қайырмасы:
//жа - сым - нан. О, _____ жа - рат - қан, о - йы - ма _____



Түр - ген - нің а - ғы - нын бер! _ Сек - се - үіл - дің бо - йы - ма



лау - ла - ган жа - лы - нын бер, лау - ла - ган жа -



лы - нын бер! //лы - нын бер! _____

Алатаудың басынан
Құлай шалқып тасыған
Ағынды өзен Түргеннің
Суын іштім жасымнан.

Қайырмасы:
О, жаратқан, ойыма
Түргеннің ағынын бер!
Сексеуілдің бойыма
Лаулаған жалынын бер!

Азаматтай ілгергі
Аялаймыз Түргенді.
Ентелейді асыға
Сағынғандай күллі елді.

Қайырмасы.

ӨТІРІКШІНІҢ ӨЛЕҢІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

Ойнақы



Алма терем ақпанда,
Шаңғы тебем маусымда.
Басыммен доп қаққанда,
Тау солқылдар даусымнан.

Қайырмасы:
Бұл сөз кімді нандырмас:
Айтқанымның бәрі рас!

Жолым бөгеп құмырсақа,
Мұндайды мен күтпеп ем,
Үлгермедім жұмысқа
Арнайы әкем жүктеген.

Қайырмасы.

БАҚБАҚТАР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай

mf
Ап-пақ, ап-пақ бақ-бақ-тар - құд-ды ки - із ақ үй-лер.
Та-ма-ша-лап жан-жақ-тан тө-не-ді кеп сә-би-лер
Қайырмасы:
Па - ра - шют - тен ау - май - ды,
қай - да, қан - ша шар - лай - ды?!

Аппақ, аппақ бақбақтар
Құдды киіз ақ үйлер.
Тамашалап жан-жақтан
Төнеді кеп сәбилер.

Қайырмасы:
Парашюттен аумайды,
Қайда, қанша шарлайды?!

Үлбіреген бақбақтар
Құдды киіз ақ үйлер.
Үрлеп қалып жан-жақтан
Ұшырады сәбилер.

Қайырмасы.

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ҚҰЛАҚТАР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato



Жү-гір - се де шап-қы-лап, бә-рін ес-тір сақ-құ-лақ.



Де-ші: Қа-зір ас бе-рем! Ес-ті-мей-ді тас ке-рең.

Жүгірсе де шапқылап,
Бәрін естір саққұлақ.

Деші: – Қазір ас берем!
Естімейді тас керең.


Құйма құлақ құлықты:
Құлықты жан білікті!

Құлықсызға сөз айтпа,
Құлықтыға аз айтпа!


ҚИСЫҚ БАЛА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Асықпай




Қа-сың-нан а-ғып ө-те-ді, қа-лар-дай әс-те ке-ші-гіп.




Қарт-тар-ды қа-ғып ке-те-ді, сұ-ра май-ды да ке-ші-рім.

Қайырмасы: Жылдам



О-сын-дай қи сық ба-ла бар: шай-қай-ды ба-сын а - га лар.



О-сын-дай қи сық ба-ла бар: шай-қай-ды ба сын а - га лар.

Қасыңнан ағып өтеді,
Қалардай әсте кешігіп.
Қарттарды қағып кетеді,
Сұрамайды да кешірім.
Осындай қисық бала бар:
Шайқайды басын ағалар.

Үлкеннің жолын сол бала
Қиялап кесіп өтеді.
Кідіре тұрса сәл ғана,
Япырмай, несі кетеді?!
Осындай қисық бала бар:
Шайқайды басын ағалар.

ЖАҢҒЫРЫҚ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Нақты ырғақпен



Тау-ға бар-дым, ән - сал-дым, бар е - кен-ау_ да-уы- сым.



Ө - зім ес - тіп там-сан-дым: жаң-ғы - рық-ты тау і - ші.

Қайырмасы: Жылдамдау



Ай - на - ла - ны_ ән қы - лып, жаң - ғы - рық-ты



жаң - ғы - рық.

//жаң - ғы - рық. —

Тауға бардым, ән салдым,
Бар екен-ау дауысым.
Өзім естіп тамсандым:
Жаңғырықты тау іші.

Қайырмасы:
Айналаны ән қылып,
Жаңғырықты жаңғырық.

Құлап түсіп, жыладым,
Өксіп шықты дауысым.
"Бұның не, – деп, – шырағым?"
Жаңғырықты тау іші.

Қайырмасы:
Айналаны даң қылып,
Жаңғырықты жаңғырық.

Жаңғырықтың шатағы:
Жаманың да, жақсың да
Жаңғырығып жатады...
Әркім өзін бақсын да!

Қайырмасы:
Жақсылықтан жаңғырып,
Жаңғырықсын мәңгілік!

ЖАҢА ЖЫЛ ӘНІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай
mf

Жа-рық шам-дар сам-са-ған жа-сыл шыр-ша да-ла-да.

Ай-на-ла кеп қор-ша-ған шат кө-ңіл - ді ба-ла-лар.

Қайырмасы:

Көз ті-ге - ді ү-міт-пен бә-рі-міз - ге сү-йік-т(і)ел.

Ал-ды-мыз-да ас-қар-лар - біз а-ла тын би-ік-тер.

Соңы

//біз - ге ба - та бе - ре - ді.

Жарық шамдар самсаған
Жасыл шырша далада.
Айнала кеп қоршаған
Шат көңілді балалар.

Қайырмасы:
Көз тігеді үмітпен
Бәрімізге сүйікті ел.
Алдымызда асқарлар –
Біз алатын биіктер!

Қиынсынбай, мүдірмей,
Жаппай жақсы оқимыз.
Лаулатамыз білімге
Құштарлықтың отын біз.

Қайырмасы:
Жаңа жылға жарасар
Жақсылықтың бастауы.
Қазақ елі тамаша,
Ашық болғай аспаны!

Үлкен ата тәттіден
Сыйлық ала келеді.
Ұмай ана бақ тілеп,
Бізге бата береді.

БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай

mf C G⁷ C

"Білімсіз жан бишара, білмегенге не шара", -

F C⁷ G⁷ C

дей-ді(і)үлкендер, - балақай, нешедесің, кел, сана.

F Қайырмасы: C G⁷ C

Әжеміз бен бабамыз, әкеміз бен анамыз -

F C G⁷ C

бәрі мектеп түлегі, біз де оқуға барамыз.

«Білімсіз жан бишара,
Білмегенге не шара», –
Дейді үлкендер, – балақай,
Нешедесің, кел, сана.

Кітаппенен дос болып,
Жалқаулықпен өш болып,
Өседі ой мен санамыз,
Өр талапты қош көріп.

Қайырмасы:
Әжеміз бен бабамыз,
Әкеміз бен анамыз –
Бәрі мектеп түлегі,
Біз де оқуға барамыз.

КӨКПАР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ойнақы

mf

Жа-зык, қы-рат маң да-ла: қа-лың ха-лық мей-рам-да.

Ду-ыл-дай-ды қам-да-на шат-тық қа-нат жай-ған-да.

Бақ сы-на-ғыш ба-тыл-дар, құй-қыл-жы-ған бел-д(i)ат тар,

тас-тай бе-рік та-қым-дар... — Кү-тіп о-тыр

Қайырмасы:

ел көк-пар. Қы-зық ду-ман көк-пар-да ша-мыр-қа-на

шап-қан-да же-ңі-сің-нен ол-жа сал қи-я-лай кеп

тарт-қан-да. //қи-я-лай кеп тарт-қан-да.

Жазық, қырат маң дала:
Қалың халық мейрамда.
Дуылдайды қамдана,
Шаттық қанат жайғанда.

Бақ сынағыш батылдар,
Құйқылжыған белді аттар,
Тастай берік тақымдар...
Күтіп отыр ел көкпар.

Қайырмасы:
Қызық думан көкпарда
Шамырқана шапқанда,
Жеңісіңнен олжа сал,
Қиялай кеп тартқанда.

Делебесі қозғандар
Қиқулайды алыстан,
Алға қолын созғандар
Өле жаздап намыстан.

Түскендей-ақ сайысқа
Ду-ду айқай, қилы дау.
Тартысардай қайыспай
Әркім өзі бір дырау.

Қайырмасы.

ҚИСЫБАЙ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf

Қыз - ды тар-тып бұ - рым-нан, ұл - ды шер-тіп
мұ - рын - нан, кө - рін - ген - ге ұ - рын - ган,
жын қақ - қан - дай жұл - ын - ған. Қайырмасы: Кіп - кіш - кен - тай
Қи - сы - бай, мі - не - зі - нің қи - сыз - ай. //қи - сыз - ай.

Қызды тартып бұрымнан,
Ұлды шертіп мұрыннан,
Көрінгенге ұрынған,
Жын қаққандай жұлынған.

Қайырмасы:
Кіп-кішкентай Қысыбай,
Мінезінің қисығ-ай.

ОРАҚ-ОЛАҚ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf
Қа-дай-мын деп тү - сіп қал-ған түй-ме - сіп,
қо - са тік-т(і)үс - тін - де - гі жей - де -
Қайырмасы:
сіп. Біз - дің О - рақ - сон - дай о - лақ.

Қадаймын деп түсіп қалған түймесін,
Қоса тікті үстіндегі жейдесін.

Қайырмасы:
Біздің Орақ –
Сондай олақ.

Орындықтың шығып кеткен шегесін,
Қағамын деп ұрып алды шекесін.

Қайырмасы.

МЕН БАЛАСЫ ДАЛАНЫҢ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай



Қайырмасы:



Бес жасында ат жалында ойнайтын,
Ақ шабақпен Ертіс суын бойлайтын.
Жеті түнде бес жүз койдың түс кейпін,
Бес саусақтай түгендейтін, түстейтін

Қайырмасы:
Мен баласы даланың,
Мен баласы даланың.

Ат үстінде ән шырқасам Алтайдан,
Ақ жайықта қуанып ел, марқайған.
Мұздаған төсек, қардан көрпе жамылар,
Көк дауылда, ақ жауында жадырар.

Қайырмасы.

СҮЙІКТІ ЖУРНАЛ «БАЛДЫРҒАН»

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

mf Ойнақы

Сү - йік - ті - міз "Бал - дыр - ган", а - на тіл - ге
қан - дыр - ган, үй - ре - те - тін ал - ғыр - дан
Қайырмасы:
сө - зі ой - да жаң - ғыр - ган. Бұл, бұл "Бал - дыр - ган"
айт - қа - ны - на нан - дыр - ган. //нан - дыр - ган.

Сүйіктіміз «Балдырған»,
Ана тілге қандырған,
Үйрететін алғырдан
Сөзі ойда жаңғырған.

Қайырмасы:
Бұл, бұл «Балдырған»
Айтқанына нандырған.

Қызықтырған көркемге
Ынтықтырған көркемге,
Соны оқып өседі,
Байсалды да, еркен де.
Қайырмасы.

АНА ТІЛІН АЯЛАУ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Moderato

The musical score is written in G major (one sharp) and 2/4 time. It consists of two staves. The first staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The tempo is marked 'Moderato' and the dynamics 'mf'. The melody starts with a quarter rest, followed by quarter notes G4, A4, B4, and C5. The lyrics 'Ал-ты тіл-ді біл-сең де, а-яу-лы-сы а-на тіл.' are written below the notes. The first ending is a quarter note G4, and the second ending is a quarter note A4. The second staff begins with a treble clef and a key signature of one sharp. It starts with a repeat sign. The melody continues with quarter notes G4, A4, B4, and C5. The lyrics 'А-яу-лы-сы а-на тіл, ба-ян-ды-сы а-на тіл. //а-на тіл.' are written below. The first ending is a quarter note G4, and the second ending is a quarter note A4.

Ал-ты тіл-ді біл-сең де, а-яу-лы-сы а-на тіл. //а-на тіл.

А-яу-лы-сы а-на тіл, ба-ян-ды-сы а-на тіл. //а-на тіл.

Алты тілді білсең де,
Аяулысы ана тіл.
Аяулысы ана тіл,
Баяндысы ана тіл.

Алпыс тілді сүйсең де,
Ең жақыны ана тіл.
Ең жақыны ана тіл,
Төл ақылың ана тіл.

Биік самғар қанатың,
Салтанатты санатың,
Салтанатты санатың,
Жан анаңдай ана тіл.

ТЕЛЕФОН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

mf Ойнақы

Жа - ңа-лық жү-рер ар - қа - лап, те - ле-фон сер-гек
қол - қа - нат. Тір - ші-лік жұм - бақ, сұ - рақ бул,
Қайырмасы:
біл - ме - ге - нің - ді сұ - рап біл. Те - ле - фон - мен
тіл-де-сем, жа-ңа-лық ес - ті күн-де сен. //күн - де сен.

Жаңалық жүрер арқалап,
Телефон сергек қолқанат.
Тіршілік жұмбақ, сұрақ бул,
Білмегеніңді сұрап біл.

Қайырмасы:
Телефонмен тілдесем,
Жаңалық есті күнде сен.

ҚҰМЫРСҚА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

mf **Sostenuto**

И - леу - де то - лы құ - мыр - сқа,
іс - кер де, еп - ті жұ - мыс - қа.
Ті - ла - зар, жал - қау, ке - ре - нау,
кез - дес - се қас - қой кө - рер жау.
Қайырмасы:
Жүз е - се а - уыр жүк - ті де,
сүй - ре - те жө - нер түк - пір - ге. //түк - пір - ге.

Илеуде толы құмырсақ,
Іскер де, епті жұмысқа.
Тілазар, жалқау, керенау,
Кездессе қасқой көрер жау.

Қайырмасы:
Жүз есе ауыр жүкті де,
Сүйрете жөнер түкпірге.

АЮ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Ақырын



А - ю ба-лық ау-лай-ды, қа-бын та-уып қар-май-ды.



Бал-ғын ет-ті тал-ғай-ды, уыл-ды-рық-ты жал-май-ды.

Қайырмасы:



Кім ты - я - ды оз-быр-ды, кім қу - а - ды оз-быр-ды.

Аю балық аулайды,
Қыбын тауып қармайды.
Балғын етті талғайды,
Уылдырықты жалмайды.

Қайырмасы:
Кім тыяды озбырды,
Кім қуады озбырды.

АСПАЗ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ә - ні - ме - нен, ә - зі - лі - мен бас - тал - ган - да
той - ду - ман дәм - ді нәр - лі мә - зі - рі - мен той - шы
Қайырмасы:
лар - ды той - дыр - ган. Ас - паз - га рах - мет ай -
та - мыз ри - за боп, үй - ге қай -
та - мыз. //ге қай - ты - мыз.

Әніменен, әзілімен
Басталғанда той-думан
Дәмді нәрлі мәзірімен
Тойшыларды тойдырған.

Тәттірек те, татымдырақ,
Бір асынан, бір асы
Жанымызға жақынырақ
Жалғасады ұласып.

Қайырмасы:
Аспазға біздер ризамыз
Риза боп, рахмет айтамыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



Мем-ле-кет-тік ті-лі-міз - көк-те би - ік кү-ні-міз.



Дүр дү-ни - е хал-қы-мен ұ-ғы-са-тын ү - ні - міз.

Мемлекеттік тіліміз –
Көкте биік күніміз.

Ардай таза аяулы
Ауытқымас діліміз.

Қайырмасы:
Дүр дүние халқымен
Ұғысатын үніміз.

ҰЛАН, ҰЛАН, ЖАС ҰЛАН

Өлеңін жазған М. Әлімбаев мен Д. Р. Райымбеков

Marselando



mf Кі-тап-пен дос жа-сы-нан, көп біл-сем деп тал-пын-ған



Ұ-лан, ұ-лан, жас ұ-лан бо-ла-шақ-қа шарқ ұр-ған.



f Қайырмасы:
Қи-ын-дық-тан қаш-па-ған, жа-ңа-лық-қа бас-та-ған



ұ - лан, ұ - лан, жас ұ-лан, ал - га ба - тыл



бас қа-дам. //ал - га ба - тыл бас қа-дам.

Кітаппен дос жасынан,
Көп білсем деп талпынған
Ұлан, ұлан, жас ұлан
Болашаққа шарқ ұрған.

Қайырмасы:

Қиындықтан қашпаған,
Жаңалыққа бастаған
Ұлан, ұлан, жас ұлан,
Алға батыл бас қадам!

Шақырады жорыққа
Шалқар дала, көк теңіз.
Жүгірсек те қаншама,
Ентікпейді өкпеміз!

Қайырмасы.

Еңбекпен дос басынан,
Бейнет құмар жасынан
Ұлан, ұлан, жас ұлан
Күш-жігері тасыған.

Қайырмасы.

Біз болашақ сәулеткер,
Біз болашақ суреткер,
Біз болашақ батырлар
Отан ана құрметтер.

Қайырмасы.



КЕЛ, КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ

Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев

Allegro
mf

Жа-ңа жыл-да, сол рас па, — үл-ке-йе-міз біз бір жас-қа.
Үл-ке-йе - ді а-ғам ме-нің,

Қайырмасы:

//Үл - ке - йе - ді қа-рын-дас та. Кел, кел, жа-ңа жыл,
шыр - қа, шыр - қа, ба - ла жыр. //ба - ла жыр.

The musical score is written in 2/4 time with a key signature of two flats (B-flat and E-flat). It consists of three staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of two flats, and a 2/4 time signature. The tempo is marked 'Allegro' and the dynamic is 'mf'. The melody starts with a quarter note G4, followed by quarter notes A4, B4, and C5. The lyrics 'Жа-ңа жыл-да, сол рас па, — үл-ке-йе-міз біз бір жас-қа.' are written below the first staff. The second staff continues the melody with quarter notes D5, E5, F5, and G5. The lyrics 'Үл-ке-йе - ді а-ғам ме-нің,' are written below. A first ending bracket covers the final two notes of the first staff and the first two notes of the second staff. The second ending bracket covers the final two notes of the second staff. The lyrics 'Қайырмасы:' are written above the second staff. The third staff begins with a treble clef, a key signature of two flats, and a 2/4 time signature. The melody starts with a quarter note G4, followed by quarter notes A4, B4, and C5. The lyrics '//Үл - ке - йе - ді қа-рын-дас та. Кел, кел, жа-ңа жыл,' are written below. The fourth staff continues the melody with quarter notes D5, E5, F5, and G5. The lyrics 'шыр - қа, шыр - қа, ба - ла жыр. //ба - ла жыр.' are written below. A first ending bracket covers the final two notes of the third staff and the first two notes of the fourth staff. The second ending bracket covers the final two notes of the fourth staff.

Жаңа жылда, сол рас па,
Үлкейеміз біз бір жасқа.
Үлкейеді ағам менің,
Үлкейеді қарындас та.

Қайырмасы:
Кел, кел, жаңа жыл,
Шырқа, шырқа, бала жыр.

Жасыл шырша, жарық шамдар,
Көп жұлдыздар жанып самғар.
Биге, биге басыңдар көп,
Ән салудан жалықсаңдар.

Қайырмасы.

Мейлі болсын сағат қанша,
Біз жатпаймыз ел жатқанша.
Ал, үлкендер ән салады,
Би билейді таң атқанша.

Қайырмасы.


ҚАР ЖАУАДЫ

Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев


Valse
mf



Қар жа - уа - ды жа - на - лақ - тап, Тол - га -
Құс а - ғаш - қа қо - нақ - тай - ды, ке - ше -
Қайырмасы:



-на - ды тоқ - тап - тоқ - тап. Қа - лың түс - ті
-гі - дей ән - айт - пай - ды. Өң - кей ап - пақ



бү - гін қар, қар - дың ә - нін ұ - ғың - дар.
кө - бе - лек - қо - нып жа - тыр әсер - ге - кеп.

Қар жауады жапалақтап,
Толғанады тоқтап-тоқтап.
Құс ағашқа қонақтайды,
Кешегідей ән айтпайды.

Қайырмасы:
Қалың түсті бүгін қар,
Қардың әнін ұғыңдар.
Өңкей аппақ көбелек
Қонып жатыр жерге кеп.

Қар жауады жапалақтап,
Қар жауады қапалақтап.
Ақ көбелек, көп көбелек
Бара жатыр тауға өрмелеп.

Қайырмасы.

Қар жауады, қар жауады,
Әшекейлеп жар-жағаны.
Мұз айдынға, тас өткелге
Шақырады бар баланы.

Қайырмасы.



БОЛАШАҚ-БҮГІННЕН

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

Moderato

mp



Бо-ла - шақ-тың ба-с(ы)е-мес пе, жан құр - бым,



а - сыр сал-ған бал ба - ла-лық ша - ғы - мыз.



Қан-дай жақ-сы до - сы бол-ған ал - ғыр - дың,



сен-сің шал-қар шат-ты-ғы-мыз, сә - ні - міз.

mf Қайырмасы:



Дос-та-рың-ның та-сы-та бер ме - ре - йін,



қай кез - де де жай о - ғын-дай жар - қыл - да.



Бо - ла-шақ-тың тө - рі-нен де кө - ре - йін,



а-лау-ла-ған ас-қар би-ік қал-ның - да. //қал - ның - да.

Болашақтың басы емес пе, жан құрбым,
Асыр салған бал балалық шағымыз.
Қандай жақсы досы болған алғырдың,
Сенсің шалқар шаттығымыз, сәніміз.

Қайырмасы:
Достарыңның тасыта бер мерейін,
Қай кезде де жай оғындай жарқылда.
Болашақтың төрінен де көрейін,
Алаулаған асқар биік қалпыңда.

Жөнсіздіктің жолын кесіп қылыштай,
Әркез бізді қуанышқа бөледің.
Сенің асқақ келбетіңнен құрыштай
Күрескердің өр тұлғасын көремін.

Қайырмасы.

Жалтылдайсың сахнаның төрінде,
Баршамызды тамсандырып өнерің.
Дидарыңнан туған елдің көгінде
Жарқыраған таң шолпанын көремін.

Қайырмасы.

АЛДА – БІЛІМ ШЫҢДАРЫ

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

Асықпай



Нұр шу - а - гын ша - шып тұр күз, жар - қын күн - дер



жал - гас - ты. Бі - лім - нің біз ба - сып тұр - мыз



бас - пал - да - гын ал - ғаш - қы. Біз - дер - ге сын



тұр - ган мы - на би - ік - тер - ге өр - ле - меу. _



Еи - ді бі - лім шың - да - ры - на бас - та -



ла - ды өр - ме - леу.

Нұр шуағын шашып тұр күз,
Жарқын күндер жалғасты.
Білімнің біз басып тұрмыз
Баспалдағын алғашқы.

Қайырмасы:

Біздерге сын – тұрған мына
 Биіктерге өрлемеу.
 Енді білім шыңдарына
 Басталады өрмелеу.

Ақтарамыз алдан жол сап,
 Тау-тау білім кенін біз.
 Мақсатымыз – адам болсақ,
 Мақтан етер еліміз.

Қайырмасы.

БАЛА МЕН АНАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Өлеңін жазғандар Сұлтан Қалиұлы мен Серік Тұрғынбеков

Allegretto
mf (баласы)

Ла - ла

(анасы)

-Ла - ла

(баласы)

-А - на-шым-ау, а - на-шым, бе-кер-ге күн өт-пек пе?
 Қа-шан а - лып ба-ра - сың ен - ді ме-ні

(анасы)

//мек-теп-ке? А - сық-п(а)ә-лі, қа - ра - ғым,
 Жа - сың тол-сын әсе - ті - ге,

(баласы)

са - нау-ғ(а)ен-ді жа - ра - дың, //ба - ра - мын.
 сон - да а - лып

- Баласы: – Анашым-ау, анашым,
Бекерге күн өтпек пе?
Қашан алып барасың
Енді мені мектепке?
- Анасы: – Асықпа әлі, қарағым,
Санауға енді жарадың.
Жасың толсын жетіге,
Сонда алып барамын.
- Баласы: – Шәкірт болған кезімде,
Қалма менен бір қадам.
Ана тілін өзіңдей
Үйретеді кім маған?
- Анасы: – Айтқанымды, шырағым,
Шығарма тек санаңнан.
Мектептегі мұғалім
Кем болмайды анаңнан.
- Баласы: – Кере қарыс маңдайым
Шәкірт болам талапты.
Тәртіп сақтап әрдайым,
Жақсы оқимын сабақты.
- Анасы: – Оқығаны баланың –
Мерейі ғой ананың.
Дегеніңе жет, күнім,
Таудай болсын талабың!



ГҮЛ МЕН БҰЛБҰЛ



Өлеңін жазған Серік Тұрғынбеков

Allegro



Е - ей! Қыр-тө-сін - де жай-на-ған бір гүл бол-ғым
Бір гүл бо-лып, же-рім-ді әр-леп өс - кім



ке-ле-ді. Гүл-бақ-ша - да сай-ра - ған бұл-бұл бол - ғым
ке-ле-ді. Бұл-бұл бо-лып, ө - мір-ді



Қайырмасы:
ке-ле-ді. //ән - ге_ қос-қым ке-ле-ді. Бұл-бұл сай-рай-ды,



гүл-гүл жай-най ды. Кө-ңіл ас-пан-ға_ құс-тай сам-ғай



ды. //құс - тай сам - ғай - ды. //Кө - ңіл_



ас - пан - ға_ құс - тай сам - ғай - ды.

Қыр төсінде жайнаған
Бір гүл болғым келеді.
Гүлбақшада сайраған
Бұлбұл болғым келеді.
Бір гүл болып жерімді
Әрлеп өскім келеді.
Бұлбұл болып, өмірді
Әнге қосқым келеді.

Қайырмасы:
Бұлбұл сайрайды,
Гүл-гүл жайнайды.
Көңіл аспанға
Құстай самғайды.

Қырда гүлдер жайнаса,
Нұрын шашса көктен күн,
Бақта бұлбұл сайраса,
Келгені ғой көктемнің.
Таудан бұлақ жосылып,
Жайнатады даланы.
Гүл мен бұлбұл қосылып,
Шаттық әнін салады.

Қайырмасы.



КӨКПАР

Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева

f Ойнақы

Ақ боз ат-қа мініп ап, той-да көк-пар тар-та-мын.
Ой-ын ой-нау қы-зық-ақ жай-лау-ын-да Ар-қа-ның.
Қайырмасы:
Ой-ын-са-уық өт-кіз-дік бау-ра-йын-да Ал-тай-дың.
Жаз-да бол-ды көп қы-зық; ән са-лып көп мар-қай-дым.

Ақ боз атқа мініп ап,
Тойда көкпар тартамын.
Ойын ойнау қызық-ақ
Жайлауында Арқаның.

Көкпар бер әр тойыңда,
Көкпар ойын ғажаптым.
Көкпар деген ойында
Дәстүрі бар қазақтың.

Қайырмасы:
Ойын-сауық өткіздік
Баурайында Алтайдың.
Жазда болды көп қызық:
Ән салып көп марқайдым.

ӘН ТАРТУ

Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева

Ойнақы

mf



Ке-лің-дер, ән ай-та-йық, бір да-уыс-пен ыр-ға-лып.



Үй-ге бір-ге қай-та-йық, бақ-ша-ға да бір ба-рып.

Қайырмасы:



Бұл ө-мір-дің сә-ні-біз, көк-к(е)өр-лей-ді ә-ні-міз.



Шыр-қа-т(а)ән-ге сал-ған-да, шат-та на-мыз бә-рі-міз.

Келіңдер, ән айтайық,
Бір дауыспен ырғалып.
Үйге бірге қайтайық,
Бақшаға да бір барып.

Бақшанызда жөн бөлек,
Би билейміз дөңгелеп.
Би билесек, шығамыз
Биікке тез өрмелеп.

Қайырмасы:

Бұл өмірдің сәні – біз,
Көкке өрлейді әніміз.
Шырқата әнге салғанда,
Шаттанамыз бәріміз.

НАУРЫЗ



Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева

Ойнақы

mf



Нау-рыз а - йы шу - ақ - ты, се - нің күл - кің си - яқ - ты.



Жаң - быр жау - са се - бе - леп, шы - ғар ер - тең кө - бе - лек.

Қайырмасы:



Көк - тем жаз - га ұ - лас - ты, жау - қа - зын - дар



гүл аш - ты, үй - рек, қаз - дар қаң - қыл - дап,



қо - зы, лақ - тар қыр ас - ты. //қыр ас - ты.

Наурыз айы шуақты,
Сенің күлкің сияқты.
Жаңбыр жауса себелеп,
Шығар ертең көбелек.

Жан-жануар серпілді,
Қояр емес еркімді.
Гүл теруге барамын,
Тастап бүгін бөркімді.

Қайырмасы:
Көктем жазға ұласты,
Жауқазындар гүл ашты.
Үйрек, қаздар қаңқылдап,
Қозы, лақтар қыр асты.

СПОРТШЫЛАР МАРШЫ




Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева



Спорт-ты біз қол - га а - лып, көр-кей-те-міз ел і - шін.



Күн сәу-ле - лі Қа-зақ-стан, бе-ре бер-сін же-мі - сін.



*Спорт - ты біз а - я - ла - йық,
Спорт ел - дің мақ - та - ны - шы.*



*бо - ла-шақ - қа бақ ті - леп, //жас тү - лек.
Спорт-ты сүй,—*

Спортты біз қолға алып,
Көркейтеміз ел ішін.
Күн сәулелі Қазақстан,
Бере берсін жемісін.

Көтеріміз көк туды біз.
Жүгіреміз екпіндетіп,
Жарыстарда елден озып,
Алтвн, күміс әкелеміз.

Қ а й ы р м а с ы :

Спортты біз аялайық,
Болашаққа бақ тілеп,
Спорт елдің мақтанышы.
Спортты сүй, жас түлек.

Асығамыз ғарыштарға,
Жүгіреміз алыстарға.
Армандаймыз болашақты,
Қосыламыз жарыстарға.

Өткіземіз өркендетіп,
Сайыскерлер жарысын,
Айтамыз ән асқақтатып,
Спортшылар марышын.

ЖАС ҰЛАНДАР ЖЫРЫ

Өлеңін жазғандар Бүбіш Тікебаева
мен Дәуітқазы Райымбеков

mf Асықпай марш екпінімен



Алаштың жас балапан ұланы – біз,
Сүйікті Отан-Ана – жыр-әніміз.
Күзетер шекарасын еліміздің,
Биік ұшар болашақ қыранымыз.

Қайырмасы:
Дарқанбыз, кеңбіз,
Бейбітшіл елміз –
Атырау, Алтай арасы.
Желбіреп туы,
Жайқалсын гүлі,
Жайнасын қала, даласы.

Шалқыған, шарықтаған күй-әніміз,
Тербеткен болашақты қиялымыз.
Ақтайтын, арқалайтын ел сенімін,
Сүйікті Отан-Ана ұланы – біз.

Қайырмасы.

ТАҢҒЫ ДАУЫС

Өлеңін жазған Гүлзәкира Әбілдаева

Andante



Шық-қан-да күн, сал са-мал бе-лең-д(е)е- сін, ө-рек-ні-ген



кеу-дем де — ө лең кө - шін, тұ-сау-лық-ты жа-сыр-ған —



көк шал-ғын - да шық шы-ра-ғын шал-дық-най ке-лем ке -



шін. *f* Қайырмасы: Из - гі-лік боп маз-да-сын — кө-ше-л(i)о - йым,



қы-сас-тық-тың шо-ғын еш кө - се - мей - мін.



Ат-шы, та- ңым! Мен се-нің — шу(а)-ғың - ды бұ-ры-мым-мен



ө-зім-нің — қо-са ө-ре - йін. //қо-са ө-ре - йін.

Шыққанда күн, сал самал белеңде есіп,
Өректіген кеудемде өлең көшіп,
Тұсаулықты жасырған көк шалғында
Шық шырағын шалдықпай келем кешіп.

Қайырмасы:

Ізгілік боп маздасын көшелі ойым,
Қысастықтың шоғын еш көсемеймін.
Атшы, таңым! Мен сенің шуағыңды
Бұрымыммен өзімнің коса өрейін!

Шұғылаға шығыс бет шомылғандай,
Ақбөкендер тосады жолыңды аңдай.
Шымқай қызыл шып-шымыр таң бояуын
Қос уыстап сімірем шөлім қанбай.

Қайырмасы.

Қуаныштан тауысып бар ақылды,
Жанарымда тамшы жас дара тұнды –
Айдын көлге, аққуым, қонғаныңда,
Күн нұрына сүйкеп ақ қанатыңды.

Қайырмасы.

Толқын туып ғайыптан тал денемде,
Сөз беремін арлы ой, арлы өлеңге.
Мен сенбеймін осынау жарқын таңның
Дидарында жамандық бар дегенге!

Қайырмасы.

ҚУАНЫШТЫ КҮН

Өлеңін жазған Бейсебай Кірісбаев

Moderato
mf

Са-бақ о-қып о-тыр-ғам, ө-зім бо-лып ө-зім-мен.
Кел-ген әп-кем о-қу-дан сү-йіп ал-ды кө-зім-нен.
Қайырмасы: **Allegretto**
Дос-тар кел-ді гүл ұс-тап, мы-нау-Ес-тай, Бе-кен ғой.
Қай-ран ба-сым ұ-мыт-шақ, ту-ған кү-нім
е-кен ғой. //ту-ған кү-нім е-кен ғой.

Сабақ оқып отырғам,
Өзім болып өзіммен.
Келген әпкем оқудан
Сүйіп алды көзімнен.

Қайырмасы:
Достар келді гүл ұстап,
Мынау – Естай, Бекен ғой.
Қайран басым ұмытшақ,
Туған күнім екен ғой.

Маңдайымнан ақырын
Сүйіп алды анам да.

Атам мендей “батырын”
Қақты арқадан, жаман ба?

Қайырмасы.

Қарай берді таң болып,
Қарындасым күлімдеп.
Жүретұғын “жау” болып,
Қолымды алды інім кеп.

Қайырмасы.

БАЛДЫРҒАН ВАЛІСІ

Өлеңін жазған Жаңылхан Нұрбекова

mf Асықпай



Ат - та - ган - да мек - тең - тің бо - са - га - сын, -



— ал - ғаш - қы ұстаз жы - лыт - ты ша - па - ғат -



тың — ә - ліп - пе - ні үй - ре - тіп, ә - деп



ті де, — қу - ан - дыр - ды әр ба - ла

Қайырмасы:



а - та - ана - сын. — Қо - ңы - рау ал - ғаш
төк - тің жан жы - лу -



қы, ар - ман - ға жсал - ғас - ты. Ар - дақ - ты
ын, ө - не - ге - тә - лім - нің бас - та - уыш



ұс - та - зым - ө - зін - сің жол быс -
сы - ны - бым - быс - та - уы



шы, //бә - рі - нің. —

Аттағанда мектептің босағасын,
Алғашқы ұстаз жылытты шапағатың
Әліппені үйретіп, әдепті де,
Қуандырды әр бала ата-анасын.

Қайырмасы:
Қоңырау алғашқы,
Арманға жалғасты.
Ардақты ұстазым –
Өзінсің жол басшы,
Төктің жан жылуын,
Өнеге-тәлімнің
Бастауыш сыныбым –
Бастауы бәрінің.

Үйретуден жалықпай өркеніңе,
Білім-теңіз, дем бердің желкеніне,
Анамыздай елжіреп шуақ төктің
Бір-бір үйдің еркесі, тентегіне.

Қайырмасы.

Азаматы болсын деп саналы елдің,
Кілтін бердің білімнің, сан өнердің
Қимай-қимай біздерді аяулы ұстаз,
Ақ жол тілеп, қол бұлғап қала бердің.

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ЖЫР



Өлеңін жазған Ғалымжан Тамендаров

Allegretto



Ән са-ла-йық, қол со-ға-йық, жа-ңа жыл-ды қар-с(ы)а-ла-йық!
Қайырмасы:



Топ, топ, топ ба - са - йық, а - ла - қан со - ға - йық!
ма-ңай-ды шо - ла - йық!

Ән салайық, қол соғайық,
Жаңа жылды қарсы алайық!

Қайырмасы:
Топ, топ, топ басайық,
Алақан соғайық!
Топ, топ, топ басайық,
Маңайды шолайық!

Бақытты елді іздеп енді,
Аяз ата бізге келді.

Ал, балалар, құр тұрмайық,
Би билейік, жыр жырлайық!

Қайырмасы.

Кім өнерлі, кім есті деп,
Атай сыйлық үлестірмек.

Атайды біз бөгемейік,
Қуанышқа кенелейік.

Қайырмасы.

ҰРПАҚТАР ҰРАНЫ

(«1000 бала» қозғалысының әнұран бәйгесіне)

Өлеңін жазған Ермек Өтетілеуов



Marciale



Бұлт басқан туған жердің қырларында,
«Ақтабан шұбырынды» жылдарында
Аттанған жауға қарсы Сартай батыр,
Бас болып өзі жиған ұлдарына.

Қайырмасы:

Ересен ерлігі – ертегі мың бала,
Ерекше жасақтың құрамы – мың бала,
Егемен елінің ертеңі – «Мың бала»,
Елжанды ұрпақтың ұраны: «Мың бала!»

Ата-жұрт Аңырақай даласында,
Бұланты өзен бойы, саласында,
Шешуші шайқаста ұлы шейіт болған
Қазақтың бес жүз балғын баласы да.

Қайырмасы.

Лайық батыр деген атқа бәрі,
Жүректе жорық жолы жатталады.
Жас ұлан Сартай батыр, мың бала мен
Есінде елдің мәңгі сақталады.

Қайырмасы.

МЕКТЕП – АНА

Өлеңін жазған Мәриям Хакімжанова

mf Ойнақы



А-нам-дай а - сыл мек - те-бім, құ-ша-ғы нұр-лы
көк - те-мім. Ө-мір-дің ат-тап өт - ке - лін,
қой-ның - да ө - сіп көк - тер - мін.

Анамдай асыл мектебім,
Құшағы нұрлы көктемім.
Өмірдің аттап өткелің,
Қойныңда өсіп көктермін.

Бағыңда құстай сайрадым,
Күлімдеп гүлдей жайнадым.
Сәулетті алтын бесігім,
Ашылды бақ боп есігің!

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ ҚИЫН БА?

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

mf Асықпай

Бір дем - ме - нен ай - та сал - май:

"Тұр - май - ды ек(е)н ми - ын - да", -

деп кей - бі - реу ша - та - сар - дай,

жыл қа - йы - ру қи - ын ба?

Қайырмасы:

Жыл қай - (ы)ру, жыл қай - (ы)ру,

1. жыл қа - йы - ру қи - ын ба?

2. //жыл қа - йы - ру қи - ын ба?

The musical score is written on seven staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of three sharps (F#, C#, G#), and a 2/4 time signature. The music is in a simple, melodic style. The lyrics are written below the notes. The first line of music is marked with a dynamic of *mf* and the instruction 'Асықпай'. The second line of music has a double bar line with repeat dots. The third line of music has a double bar line with repeat dots. The fourth line of music has a double bar line with repeat dots. The fifth line of music has a double bar line with repeat dots. The sixth line of music has a double bar line with repeat dots. The seventh line of music has a double bar line with repeat dots.

Бір демменен айта салмай:
«Тұрмайды екен миыңда», –
Деп кейбіреу шатасардай,
Жыл қайыру қиын ба?

Қайырмасы:
 Жыл қайыру, жыл қайыру,
 Жыл қайыру қиын ба?

Тышқан, сиыр, барыс, қоян
 Ұлу, жылан, жылқы, қой
 Мешін, тауық, ит, доңыздан –
 Ауытқысақ – күлкі ғой.

Қайырмасы.

СВЕТОФОР – БАҒДАРШАМ

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы



*Ей, жо-лау-шы, зау-л(а)-ман, кө-шең-ме-нен таңда-ған.
 Жо-лай-рық-та жал-ма - жан жөн-деп қа-рап ал ма-ған.*



*Мен - мін све-то - фор, ке-зек - ке - зек жан-ған шам.
 Мен - мін све-то - фор, жөн сіл-тей-мін*



//бағ - дар шам, жөн - деп қа - рап ал ма - ған.

Ей, жолаушы, заула аман,
 Көшеңменен таңдаған.
 Жолайрықта жалма-жан
 Жөндеп қарап ал маған.

Қайырмасы:
Менмін светофор,
Кезек-кезек жанған шам.
Менмін светофор,
Жөн сілтейтін бағдаршам,
Жөндеп қарап ал маған.

Сары шамым жанғанда,
Аялдауға қамдан да,
Қызыл шамым жанғанда,
Аялдап көз сал маңға.

Қайырмасы:
Менмін светофор,
Кезек-кезек жанған шам.
Менмін светофор,
Жөн сілтейтін бағдаршам,
Аялдап көз сал маңға.

Сары шамым жанғанда,
Қозғалуға камдан да,
Жасыл шамым жанғанда,
Қарап қалма, самға алға.

Қайырмасы:
Менмін светофор,
Кезек-кезек жанған шам.
Менмін светофор,
Жөн сілтейтін бағдаршам,
Қарап қалма, самға алға.

ШОПЫР БОЛАМЫН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Vivo (Ойнақы)



Ма-ши-на-ға құ-мар-мын, шо-пыр бо-лар шы-ғар-мын.
Бөл-шек-тер-дің ат-та-рын бес жа-сым-нан жат-та-дым.
Қайырмасы:
Мо-тор қыз-са дү-ріл-деп, мәз бо-ла-мын кү-міл-деп.
Бә-рін сы-нап а-бай-лап үй-ре-те-ді а-ғай-лар.

Машинаға құмармын,
Шопыр болар шығармын.
Бөлшектердің аттарын
Бес жасымнан жаттадым.
Қайырмасы:
Мотор қызса дүрілдеп,
Мәз боламын күмілдеп.
Бәрін сынап абайлап
Үйретеді ағайлар.

Отырамын рулге,
Алыс жолға жөнерге.
Сарылмаңыз сіз күтіп,
Тез жеткізем ызғартып.
Қайырмасы.

САҒЫНДЫҚ СЕНІ, ЖАҢА ЖЫЛ

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

Allegro moderato



mf
Көп-тен кү-тіп се-ні біз, са-ғын-дық қой, жа-ңа жыл!
Са - ған ә - зір тө-рі-міз,



//күй де ә - зір, ән ә - зір. Қайырмасы:
Са-ған се - рік бо - лу - ға
Жа-ңа ба-қыт жо-лы-на



ба-ла-лар-дың бә-р(i)ә-зір. //бас - та біз-ді жа-ңа жыл!

Көптен күтіп сені біз,
Сағындық қой, жаңа жыл!
Саған әзір төріміз,
Күй де әзір, ән әзір.

Қайырмасы:
Саған серік болуға
Балалардың бәрі әзір.
Жаңа бақыт жолына
Баста бізді, жаңа жыл!

Тасытып ел байлығын,
Бақытқа жұрт кенелсін!
Болмасын еш қайғы-мұң,
Қалықтасын көгершін!
Қайырмасы.

БАЛДЫРҒАНДАР БАРҒАН КҮНІ МЕКТЕПКЕ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegretto
mf

Бү-гін - тұңғыш қо-ңы-рау, күз бол - са да жаз-жай
Гүл-ге то - лы о - мы-рау, шә-кірт біт-кен

ран. //мәз - мей-рам. Күн-де - гі-ден жа-рық та,
Бү-гін қа-ла, ха - лық та

күн де — бү-гін шу - ақ - ты. //си - яқ - ты.
сұ - лу - ы - рақ

Бүгін – тұңғыш қоңырау,
Күз болса да жаз – жайран.
Гүлге толы омырау,
Шәкірт біткен мәз-мейрам.

Қайырмасы:
Күндегіден жарық та,
Күн де бүгін шуақты.
Бүгін қала, халық та
Сұлуырақ сияқты.

Дуылдайды балалар,
Бүгін тұңғыш қоңырау.
Аталар мен аналар –
Өркен жайған өмір-ау!

Қайырмасы.

Балдырғандар класта,
Бүгін алғаш төрлеткен.
Мұнда еркін құлаштап,
Ерлер өсіп, ер жеткен.

Қайырмасы.

БҰЛ БІЗДІҢ ҚАЗАҚИЯ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



На-мы-сын ұл-дай сүй-іп, кө-тер-ген ту-дай би-ік.



Жел-пі-ніп же-ңіс-тер-мен га-сыр-лар же-міс тер-ген.

Қайырмасы:



Кең өл-ке, га-жап ұ-я - бұл біз-дің Қа-за-қи-я.



Кең өл-ке, га-жап ұ-я - бұл біз-дің Қа-за-қи-я.

Намысын ұлдай сүйіп,
Көтерген тудай биік.
Желпініп жеңістермен
Фасырлар жеміс терген.

Қайырмасы:
Кең өлке, ғажап ұя –
Бұл біздің Қазақия!

Жат жұрт та талғап баққан,
Көргенде таңдай қаққан.
Жаралған адалдықтан,
Жаңғырған жаңалықтан.

Қайырмасы.

БАЛА БАҚША ЖЫРЫ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Ойнақы

Көр - ші а - ғай(ы)м жақ - с(ы)а - ға,
ша - қы - ра - ды ба - ла бақ - ша - ға.
Қайырмасы:
Ән шыр - қап, тақ - пақ ай - та - мын,
кеш - ке д(е)үй - ге қай - та - мын. //қай - та - мын.

Көрші ағайым жақсы аға,
Шақырады бала бақшаға.

Қайырмасы:
Ән шырқап, тақпақ айтамын,
Кешке де үйге қайтамын.

Бақшаға өзім барамын
Жолды да тура табамын.

Қайырмасы.

ӘН-ЖҰМБАҚТАР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ойнақы. Соло

mf Тұм-сы-ғы-мен қоз-ға-лар: со-ңын-д(а)п-пақ із қа-лар.

Хор I Хор II Хор I Хор II

Не - ме - не? Ақ бор! Не - ме - не? Ақ - бор!

Хор I, II

Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля-ля-ля.

1. Жеке дауыс:

– Тұмсығымен қозғалар:
Соңында аппақ із қалар.

Хор:

– Немене?
– Ақ бор!

2. Жеке дауыс:

– Кең Әлемді кернейді,
Көзің бірақ көрмейді.

Хор:

– Немене?
– Ауа!

3. Жеке дауыс:

– Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Таппайтұғын жолы жоқ.

Хор:

– Немене?
– Хат, хат!

4. Жеке дауыс:

– Көк шатырда қол орақ,
Ештеңе ормас ол орақ.

Хор:

– Немене?
– Ай, ай!

5. Жеке дауыс:

– Бойын жерге жасырған,
Бұрымы бар жасылдан.

Хор:

– Немене?
– Сәбіз!

6. Жеке дауыс:

– Көк ала көйлек киеді,
Күннің көзін сүйеді.

Хор:

- Немене?
- Қарбыз!

7. Жеке дауыс:

- Арқаным бар тым ұзын,
Кесе алмайсың бір үзім.

Хор:

- Немене?
- Жол, жол!

8. Жеке дауыс:

- Су ішінде желігер,
Құм үстінде демігер?

Хор:

- Немене?
- Балық!

9. Жеке дауыс:

- Отын боп та лаулайды:
Аспап боп та сайрайды.

Хор:

- Немене?
- Құрай!

10. Жеке дауыс:

- Тарсылдатып жетеді,
Іле көлкіп кетеді.


Хор:

- Немене?
- Бұршақ!

ҚОШ БОЛ МЕКТЕП

Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева

Moderato



Ал-тын ұ - я мек-те-бім, бі-лі-мің-мен көк-те-дім.




Дос-та-рым-мен бө-ліс-кен, қу-а-ны-шым көп ме-нің,
Қайырмасы:



Қош бо - лып тұр - сы - ны - бым, қош бо - лып тұр -



ұс - та - зым. Қош бо - лып тұр - мек - те - бім,



қош бо - лып тұр - дос - та - рым..



//қош бо - лып тұр - дос - та - рым..

Алтын ұя мектебім,
Біліміңмен көктедім.

Достарыммен бөліскен,
Қуанышым көп менің.

Қайырмасы:
Қош болып тұр – сыныбым,
Қош болып тұр – ұстазым.
Қош болып тұр – мектебім,
Қош болып тұр – достарым.

Қош болыңдар әзірше,
Мектебім мен ұстазым.
Ұмытпаймыз сіздерді,
Биыл ұшқан құстарың.

Қайырмасы.

МЕН КОСМОНАВТ БОЛАМЫН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай

Жұл-дыз-дар - га мен құ-мар-мын жас-тан-ақ,
Тоқ-тар-дай жас мен бо-ла-мын кос-мо-навт.
Жақ-сы ма - ма жы-лай-м(а)е-кен, шы-да да,
дей-мін, ма - ма, са-ғын-саң да, жы-ла-ма!

Жұлдыздарға мен құмармын жастан-ақ,
Тоқтардай жас мен де болам космонавт.
Жақсы мама жылай ма екен, шыда да,
Деймін, мама, сағынсаң да, жылама!

Көкке ұшарда осылай деп айтар ем,
Ғарыш төрін шарлап-шарлап қайтар ем.
Күн қасынан оралғанда баласы,
Құшақтасын мақтанышпен мамасы!

НҰРЛЫ ОТАН

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

mf Ойнақы



Бақ-ша-мыз-да дос-тас қан ын-ты мақ ты ба-ла-мыз.



Се-ру-ен-де қос-қос-тан қол ұс-та-сып а-ла-мыз.

Қайырмасы:



Мі не-кай-рат, мі не-күш, мі-н(е)а-та-лар сал-ған із.
Бір, е - кі, үш, төрт, ар-шын-дай-мыз ал - га біз.

Бақшамызда достасқан
Ынтымақты баламыз.
Серуенде қос-қостап
Қол ұстасып аламыз.

Қайырмасы:
Міне – қайрат, міне – күш,
Міне – аталар салған із.
Бір, екі, үш, төрт,
Аршындаймыз алға біз.

Нұрлы, нұрлы, нұрлы Отан,
Саяңда асыр саламыз.
Менде сенің бір ботаң,
Біз бақытты баламыз.

Қайырмасы.

Тіз етіп ел ерлігін,
Ата салтын сақтаймыз.
Нұр – атаның сенімін
Абыроймен ақтаймыз!

Қайырмасы.

ЖАРҚЫН БІЗДІҢ КЕЛЕШЕК

Өлеңін жазған Рустам Абдусәлямов

Татаршадан аударған Сұлтан Қалиұлы

mf Allegro

Бақ-ша-лар-ға мен кір-дім, қы-зыл-жа-сыл гүл көр-дім.
Қайырмасы:
Қы-зыл-жа-сыл гүл-ше шек - біз-дің жар-қын ке-ле-шек.

Бақшаларға мен кірдім,
Қызыл-жасыл гүл көрдім.

Қайырмасы:
Қызыл-жасыл гүл-шешек –
Біздің жарқын келешек.

Алтын күн нұр шашады,
Бақыт құшақ ашады.

Қайырмасы.
Биіміз де бір біздің,
Күйіміз де бір біздің.

Қайырмасы.

ЖАС СПОРТШЫЛАР ӘНІ



Өлеңін жазған Сайлаубай Тойлыбаев

Спорт - шы - ла - рым, жас ұ - лан - да - рым, —
А - лан - дар - ме - нен, а - ре - на - лар - да,
сам - зат - сын көк - ке сан қы - ран - да - рың!
шыр - қал - сын шат - тық
Қайырмасы:
//ән - ұ - ра - ның! Би - ік шың - дар - ды көн - ді - ре - тін - де,
же - ніс - пен ел - ді сен - ді - ре - тін - дер!
Жас ө - рен - де - рім, шын жа - рыс - тар - да,
е - лің - нің ту - ын желб(і) - ре - тің - дер!

Спортшыларым, жас ұландарым,
Самғатсын көкке сан қырандарың!
Алаңдарменен, ареналарда,
Шырқалсын шаттық ән-ұраның!

Қайырмасы:
Биік шындарды көндіретіндер,
Жеңіспен елді сендіретіндер!
Жас өрендерім, шын жарыстарда,
Еліңнің туын желбіретіңдер!

Жүгіріп күнде аптығыңдаршы,
Күлімдеп жүрер шаттығымдасың.
Жігерлі, күшті боламын десең,
Спорт пен ғана жаттығыңдаршы!

Қайырмасы.

Денсаулық, еңбек қолыңда сенің,
Намыс пен қайрат, соңында сенім.
Отаным қорғар, ұл-қызың өссін,
Болашақ, бақыт жолында сенің!

Қайырмасы.

СЫРНАЙ САЗЫ.

Балаға ән айтқызу оңай ма? Өте қиын. Сыныптың алдына шығып сұрап көріңіз. Сонда көресіз қиындығын. Отырған 20–30 оқушының көп болса бір-екеуі ғана ұсыныс жасауы мүмкін. Себебі неде? Біріншіден – ән айтқызуға баланың даусы қойылмаған. Бұл әлі күнге дейін шешуін таба алмай жүрген мәселе.

Екіншіден – ән әуені бала жүрегін қозғамайды, әсер бермейді.

Үшіншіден – әннің сөзін білмейді.

Төртіншіден – елдің алдына шығуға ұялады.

Айтып, тізе берсе, себептер өте көп.

Міне, осындай қиындық, кедергілерге қарамай, 40 жылдан астам балаларға ән айтқызып, әсем Алматының көк күмбезін бабалардың шат әуендеріне бөлеп жүрген ұлағатты ұстаз Ғалымжан Тамендаровқа қалай риза болмайсың.

Ғалымжан сырнайының даусы Алматыдағы №4 И.Нүсіпбаев атындағы мектеп-интернатын күн сайын әсем әуенге бөлеп жатады, ән айтады, би билейді, ансамбльдерге қатысады. Сөйтіп, балалар өмірі әуен құшағында, мәз-мейрам болып, оның шалқар сазына сусындай түседі.

Мөлдіреген жас түлектердің рухани жан дүниесі сырнай тілінен төгілген әсем әуендермен астасып, оларды асқақ мұраттарға жетелейді. Ол тек балаларды осындай биік салтанаттарға жетелеумен қатар, өз жанынан әуендер де шығарады. Қазірде оның шығарған әндерінің саны 200-ге жетті. Әндерінің мазмұны терең, тақырыбы жан-жақты, әуезі әдемі.

Ол көптеген республикалық және Халықаралық конкурс, фестивальдардың жеңімпазы:

1973 жылы Москвада өткен бүкіл дүниежүзілік студенттер фестивалінің;

1981 жылы Германияда өткен Халықаралық фестивалдің;

1973 жылы Москвада өткен Халықаралық фестивалдің;

1976 жылы Венада өткен Халықаралық фольклорлық музыка фестивалінің лауреаты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылғы 27 тамыздағы жарлығымен «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңірген халыққа білім беру қызметкері», атағы берілген.

Татарстан Республикасының Президенті Минтимер Шаймиевтың 2003 жылғы 27 тамыздағы жарлығымен «Татарстан Республикасының еңбек сіңіргек мәдениет қайраткері» атағы берілген.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің 2005 жылы 30 маусымдағы жарлығымен «Ұлтаралық мәдениеттің өркендеуіне қысқан үлесі үшін» медалімен марапатталған.

«Еңбек ардагері» медалінің иегері.

Тамендаров Ғалымжан басқарған «Балдырғандар» хоры, «Бұлбұл» ансамблі Республикалық фестивальдар конкурстарының жеңімпазы.

Ал татардың «Сарман» ансамблі бүкіл республикамызға танымал. Сөзімді қорыта келгенде Тамендаров Ғалымжан Герейұлы – Қазақстан Республикасы мен Татар Республикасына еңбегі сіңген, Білім және мәдениет қызметкері. Еңбегі одан әрі жана берсін, шығармашылық тілейміз!



Өтеген Спанов –
Профессор, «Әуен»
баспасының директоры.



Ерғали Нұртайұлы
И.Нүсіпбаев атындағы
облыстық мектеп-
интернат директоры
Жоғары категориялы,
Ы.Алтынсарин
медалінің иегері.

МАЗМҰНЫ

Туған елдің құшағы	4
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Мұз тон	5
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Ауыл маңында	5
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Қысқа жырлар	6
(Қазақ частушкалары)	
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Біз ертеңнің иесі	13
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Төрт бесік	14
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Бөрібасар	14
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Қайсысы қайда?	15
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Наурыз әні	16
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Жас түлектер	17
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Көбелек	18
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Бал ара	19
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Түрген өзені	20
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Өтірікшінің өлені	22
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Бақбақтар	23
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Қилы-қилы құлақтар	24
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Қисық бала	25
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Жаңғырық	26
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Жана жыл әні	27
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Біз мектепке барамыз	29
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Көкпар	30
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Қисыбай	32
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Орақ-олақ	33
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Мен баласы Даланың	34
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Сүйікті журнал «Балдырған»	35

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Ана тілін аялау	36
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Телефон	37
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Құмырсқа	38
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Аю	39
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Аспаз	40
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Мемлекеттік тіліміз	41
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев	
Ұлан, ұлан, жас ұлан	41
Өлеңін жазған М. Әлімбаев мен Д. Р. Райымбеков	
Кел, кел, жаңа жыл	43
Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев	
Қар жауады	44
Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев	
Болашақ-бүгіннен	46
Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Алда – білім шыңдары	48
Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Бала мен ананың әңгімесі	49
Өлеңін жазғандар Сұлтан Қалиұлы мен Серік Тұрғынбеков	
Гүл мен бұлбұл	51
Өлеңін жазған Серік Тұрғынбеков	
Көкпар	53
Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева	
Ән тарту	54
Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева	
Наурыз	55
Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева	
Спортшылар маршы	56
Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева	
Жас ұландар жыры	57
Өлеңін жазғандар Бүбіш Тікебаева мен Дәуітқазы Райымбеков	
Таңғы дауыс	59
Өлеңін жазған Гүлзәкира Әбілдаева	
Қуанышты күн	61
Өлеңін жазған Бейсебай Кірісбаев	
Балдырған валісі	63
Өлеңін жазған Жаңылхан Нұрбекова	
Жаңа жыл – жаңа жыр	65
Өлеңін жазған Ғалымжан Тамендаров	
Ұрпақтар ұраны	66
(«1000 бала» қозғалысының әнұран бәйгесіне)	
Өлеңін жазған Ермек Өтетілеуов	
Мектеп – ана	68
Өлеңін жазған Мәриям Хакімжанова	
Жыл қайыру қиын ба?	69
Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Светофор – бағдаршам	70

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Шопыр боламын	72
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Сағындық сені, жаңа жыл	73
Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Балдырғандар барған күні мектепке	74
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Бұл біздің Қазақия	75
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Бала бақша жыры	76
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Ән-жұмбақтар	77
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Қош бол мектеп	80
Өлеңін жазған Бүбіш Тікебаева	
Мен космонавт боламын	81
Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай	
Нұрлы Отан	82
Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы	
Жарқын біздің келешек	84
Өлеңін жазған Рустам Абдусәлімов	
Татаршадан аударған Сұлтан Қалиұлы	
Жас спортшылар әні	85
Өлеңін жазған Сайлаубай Тойлыбаев	
Сырнай сазы	87

Компьютерный набор текста и нот выполнил
Асхат Нигматуллин

8-777-286-76-45 (мобильный)

E-mail: N_Askhat_R@mail.ru

Дата распечатки 07.06.2012 11:15:11

